

## **"Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 271 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар және олардың құрылымдық бөлімшелер қызмет ұйымдастырудың кейбір мәселелер туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жітіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара ауданының әкімі*

*Н. Өтегенов*

Жітіқара  
ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 271 қаулысымен  
бекітілген

## **"Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Ішкі саясат бөлімі) ішкі саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Ішкі саясат бөлімінің ведомствалары жоқ.

3. Ішкі саясат бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлер және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандар, белгіленген үлгідегі бланкілер, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарындағы шоттар болып табылады.

5. Ішкі саясат бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Ішкі саясат бөлімі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Ішкі саясат бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте "Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Ішкі саясат бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, 6-шағын аудан, 65-үй.

10. Осы Ереже ішкі саясат бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ішкі саясат бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Ішкі саясат бөліміне "Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен қатынастарға шарттық түсуге тыйым салынады.

Егер ішкі саясат бөлімі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, мәслихаттың, әкімдіктің және аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларына сәйкес ауданда ішкі саясат бөлімінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттің ішкі саясатын жергілікті мемлекеттік басқару органдарының орындауын қамтамасыз ету және жүзеге асыру;

2) Қазақстанның Даму стратегиясы - 2050 негізгі басымдықтарын, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыруды және басқа да стратегиялық құжаттарды түсіндіру және насихаттау;

3) ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті, азаматтық бірегейлік пен патриотизмді нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру, қоғамды жаңғыртуға жәрдемдесу, аудандағы конфессияаралық және ұлтаралық келісімді реттеу;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, ауданның мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарында, халықтың оларды қолдану, орналастыру және пайдалану тұрғысынан "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңын сақтау жөніндегі жұмысы;

5) ауданда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруды үйлестіру;

6) қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға қатысу, ішкі саяси, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтауға бағытталған үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарымен, саяси партиялармен, жастар, этно - мәдени, діни бірлестіктермен және өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

7) аудандық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл;

8) ұлттық және мемлекеттік мерекелерді, басқа да мерекелік іс-шараларды мерекелеу жөніндегі іс-шараларды өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде көзделген өзге де міндеттер болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

Құқықтар:

1) мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты сұратуға, ішкі саясат бөлімінің құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тартуға, тиісті ұсыныстарды әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

2) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға құқығы бар.

Міндеттері:

1) Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ аудан әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын мерзімінде сапалы орындау.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялар:

1) Қазақстанның 2050 - Даму стратегиясының, Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларының, Рухани жаңғыру бағдарламасының және өзге де стратегиялық құжаттарды түсіндіру, насихаттау және іске асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау, мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарда халықтың оларды қолдану, орналастыру және пайдалану үшін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңын сақтау бойынша мониторингті іске асыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды құру үшін материалдарды жинау және даярлау;

3) Мемлекеттік жастар саясаты және жастар арасындағы патриотизм мен азаматтылық дамыту бойынша іс-шаралар кешенінің іске асыруын үйлестіру, жастар істері жөніндегі кеңес жұмысын ұйымдастыру, ауданның жастар ұйымдарымен өзара қарым-қатынас;

4) Мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру, баспасөз және электрондық БАҚ өзара қарым-қатынасы қызметтің мониторингі, олардың "Бұқаралық ақпарат құралдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын сақталауы;

5) аудандағы қоғамдық-саяси ахуалының зерттелуі мен талдауы, аудандағы саяси-әлеуметтік үрдістерінің, этносаяси жағдайының, конфессияаралық және этноаралық қарым-қатынастарының мониторингтерді іске асыру, әлеуметтік желілерде және Жітіқара ауданы әкімдігінің ресми сайтында түсіндірмелерге жауап қайтару, ауданда қоғамдық-саяси ахуалының реттелуі, "Діни қызметі және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңын, "Коммерциялық емес ұйымдар", "Қоғамдық бірлестіктер туралы", "Кәсіптік одақтар туралы", "Саяси партиялар", "Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын сақтау;

6) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруының ұйымдастыру және үйлестіру, кеңестердің ҮЕҰ, ҚХА қоғамдық келісімнің өзара қарым-қатынас бойынша жұмысы;

7) Гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асырудағы көмектесу, Аналар кеңесінің отбасындағы төзімділік мәселелері, "Мерейлі отбасы" Ұлттық байқаудағы аудандық турының жеңімпаздарды анықтау жөніндегі комиссиясы бойынша жұмысты ұйымдастыру;

8) Ұлттық және мемлекеттік мерекелер, басқа мерекелік іс-шаралар мерекелеу бойынша іс-шаралар өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

9) Ішкі саясат бөлімінің құзыретіне кіретін ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-зерттемелік жұмыстарды басқа да мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып орындау;

10) Қазақстан Республикасы Заңнамасының белгіленген құзыреттілік шеңберінде көзделген өзге де функцияларды іске асыру.

### **3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілдері**

16. Ішкі саясат бөлімінің басшылығын Ішкі саясат бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілдерің жүзеге асыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдамағына үшін дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Ішкі саясат бөлімінің басшысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Ішкі саясат бөлімі басшысының басшысының өкілдері:

1) мемлекеттік мекемедегі жұмысты басқарады және жұмысты ұйымдастырады;

2) мемлекеттік мекемеге жүктелген функциялары мен мәселелерінің орындалуына жеке жауапкершілік артуда;

3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларға қолданылмай қалған әрекеттерге жеке жауапкершілікке артылады;

4) қызметтік құжаттамаға, бұйрықтарға қол қояды, қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де ұйымдардармен өзара қарым - қатынаста мемлекеттік орган атынан өкілдік етеді;

5) Заңнамаға сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, лауазымға тағайындап, лауазымдық міндеттемелерін реттейді;

6) Заңнамамен белгіленген тәртіпте марапаттайды және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда мемлекеттік мекеме ретінде ұсынады;

8) азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау жүргізеді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамамен белгіленген мерзімдерде қарайды, олар бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

9) Қазақстан Республикасы Заңнамасының белгіленген құзыреттілік шеңберінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі саясат бөлімінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Басшы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз қызметкерлерінің өкілдерін анықтайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлігі**

19. Ішкі саясат бөлімі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Ішкі саясат бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Ішкі саясат бөліміне бекітілген мүлігі аудандық коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Ішкі саясат бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органның қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Ішкі саясат бөлімінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі саясат бөлімінің ведомстволық бағынышты ұйым Жітіқара ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің "Жітіқара ауданының жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.